

## "Тұрғын үй көмегін көрсету Қағидасын бекіту туралы" Жаңақорған аудандық мәслихатының 2012 жылғы 7 қыркүйектегі N 73 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

### **Күшін жойған**

Қызылорда облысы Жаңақорған аудандық мәслихатының 2014 жылғы 14 сәуірдегі N 197 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 11 мамырда N 4661 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жаңақорған аудандық мәслихатының 2017 жылғы 26 желтоқсандағы № 05-16/191 шешімімен

**Ескерту.** Күші жойылды - Қызылорда облысы Жаңақорған аудандық мәслихатының 26.12.2017 № 05-16/191 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қантардағы Қазақстан Республикасы Заңының бабына және "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" 2009 жылғы 30 желтоқсандағы N 2314 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы" 2012 жылғы 16 қазандағы N 1316 Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулысының 2-тармағына сәйкес Жаңақорған аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. "Тұрғын үй көмегін көрсету Қағидасын бекіту туралы" 2012 жылғы 7 қыркүйектегі N 73 Жаңақорған аудандық мәслихатының шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 4327 болып тіркелген, 2012 жылғы 3 қарашадағы N 90 "Жаңақорған тынысы" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген тұрғын үй көмегін көрсету Қағидасында:

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Тұрғын үй көмегі аудандық бюджет қаражаты есебінен осы елді мекенде турақты тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға):

1) жекешелендірілген тұрғын үй-жайларда (пәтерлерде) тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп ұстауға жұмсалатын шығыстарға;

2) тұрғын үйдің меншік иелері немесе жалдаушылары (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) коммуналдық

қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефонға аборенттік төлемақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуына;

3) жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын үй-жайды пайдаланғаны үшін жалға алу төлемақысын төлеуге беріледі.

Аз қамтылған отбасылардың (азаматтардың) тұрғын үй көмегін есептеуге қабылданатын шығыстары жоғарыда көрсетілген бағыттардың әрқайсысы бойынша шығыстардың сомасы ретінде айқындалады.

2. Тұрғын үй көмегі телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін аборенттік төлемақының, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үй-жайды пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған шығыстарға, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға нормалар шегінде ақы төлеу сомасы мен отбасының (азаматтардың) осы мақсаттарға жүмсаған шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің арасындағы айырма ретінде айқындалады.

Шекті жол берілетін шығыстар үлесі отбасының (азаматтың) жиынтық табыстың 12 пайызы мөлшерінде белгіленеді.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Аталған жерлерде тұрақты тұратын адамдарға тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған ай сайынғы және нысаналы жарналардың мөлшерін айқындайтын сметаға сәйкес тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған коммуналдық қызметтер көрсету ақысын төлеу жеткізушилер ұсынған шоттар бойынша тұрғын үй көмегі аудандық бюджет қаражаты есебінен көрсетіледі".

2. "Жаңақорған аудандық мәслихатының 2012 жылғы 7 қыркүйектегі N 73 "Тұрғын үй көмегін көрсету Қағидасын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" 2013 жылғы 27 наурыздағы N 119 Жаңақорған ауданы мәслихаты шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 4434 болып тіркелген, 2013 жылғы 1 мамырдағы N 34 "Жаңақорған тынысы" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жаңақорған ауданы мәслихатының  
кезектен тыс XXIX сессиясының төрағасы

Жаңақорған аудандық  
мәслихат хатшысы

ҚАЛЖАНОВ Н

НАЛИБАЕВ А.